



# ***Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев***



***Қазақстан  
Республикасының  
Президенті.***

**“Елбасының өзекжарды ойлары.**

**Дана халқымыз қателіктерімізді түсінеді , оларды кешіре біледі. Халық кешірмейтін бір\*-ақ нәрсе бар: ол елдің қолына зарықтыра барыпқонған бақыт құсынан, Тәуелсіздіктен айырылып қалуды кешірмейді.**

- «Еліңнің ұлы болсаң ,еліңе шын жаның ашыса, азаматтық намысың болса, мемлекеттің көркеюіжолында жан теріңді сығып еңбек ет, елдің ,жердің де иесі екеніңді ұмытпа». Ұлттың ұлан асуында ұйытқи соғатын желдерде ұлы мұраттарымызды ұмыт қалдырмауымыз керек”.**



- **Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жайлы әңгімелеудің өзі – бақыт. Олай деудің себебі – басынан бейнеті арылмаған, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының тәуелсіздіктің қыл бұғауынан мәңгілік азат болуы – осы есіммен тікелей байланысты. Ата-бабаларымыз жылдар бойы қан төгіп, күрессе де ала алмаған тәуелсіздікке біз тек өткен ғасырдың соңын ала ғана қол жеткіздік. Осыған орай 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңға қол қойған осы тұңғыш Елбасымыз болды.**







- **1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы, Қарасай ауданының Шамалған ауылындағы қарапайым қазақтың отбасында дүниеге келген Нұрсұлтан Назарбаев жасынан отбасына мейірімді, іні-қарындастарына қамқор, ата-анасының нағыз сүйеніші болып өсті.**





- **Қарап отырсаңыздар, қаншама ірі мемлекеттік мәселелер Елбасы көрегендігімен әрдайым оңтайлы шешімін табуда. Қытай мен Ресей сияқты алып мемлекеттермен арадағы шекараның жайы – Нұрсұлтан Әбішұлы бейбіт жолмен шешкен халықаралық мағынадағы ең сүбелі мәселелердің бірі емес пе?! Ал қазақтың ана тілін мемлекеттік тіл етіп, мәртебесін жоғарылатқан кереметті айтсаңызшы! Тұтастай мемлекет болып ана тілімізде ойлап, ана тілімізде сөйлейтін халге жеткеніміз жеңіс емей немене?! Халықтың әлауқатын жоғарылатуға, қазақ ұлты санының өсуіне бар мүмкіндік пен жағдай жасалуда...**



- **Нұрсұлтан Назарбаев қазір экономика ғылымдарының докторы, академик. Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жасалған игілікті істерге тоқталатын болсақ, ең бастысы, 40 жыл бойы 459 рет жер беті және жер асты ядролық жарылысын жасап, адамзат баласына ажал оғын төгіп келген Семей ядролық сынақ полигоны жабылды. Астананы Елордаға көшірудің де ұлт тұтастығын, ел тыныштығын ойлаған Елбасының көреген бастамасы екендігі бүгінде баршаға аян. Қазір бұл қала әлемді таңғалдырып отырған, қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналған сәулетті де сәнді елордаға айналды.**

- Шаруаға икемді, тіл алғыш, үлкен-кішіге ілтипатты бала үй-ішіне азық-түлік, малына жем-шөп тасумен өзі де айналысатын болған. Мектепте озат оқып, ылғи алдыңғы қатарда көрінетін, сыныптас достарынан да көмегін аямайтын. Мінезі орнықты, ісіне тындырымды да сабырлы Нұрсұлтан жаңалыққа жаны құмар жігіт болып өсті. Ол алғаш, барлық алғыр балалар сияқты, ұшқыш болуды армандаған, кейін ол ойынан бас тартты. Сөйтіп ол Днепродзержинск техникалық училищесін, Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары техникалық оқу орнын, жоғары партия мектебін бітірді.





XV СЪЕЗД КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА











